

САЯСИ ЖҮЙЕ



Жоспар

- Саяси жүйелердің жіктелуі
- Қоғамның саяси жүйесі
- Саяси жетекші; саяси көшбасшы
- Саяси режим, саяси тәртігі
- Саяси қатар, саяси тәуекелдік
- Саяси баспана

○ Саяси жүйе - билікті жүргізуші әлеуметтік топтар, таптар, ұйымдар мен мемлекеттер арасындағы өзара қатынастарды реттейтін, қоғамда тұрақтылық пен тәртіпті қамтамасыз ететін ұйымдар, мекемелер мен институттар жиынтығы. Оның негізгі элементтеріне мемлекет, саяси партиялар, дін орындары, қоғамдық-саяси ұйымдар және т.б. жатады.



САЯСИ ЖҮЙЕЛЕРДІҢ ЖІКТЕЛУІ

- Саяси жүйелердің жіктелуі жөнінде ғалымдар арасында ортақ пікір жоқ. Саяси жүйені жіктеу зерттеушілер таңдаған өлшемге байланысты. Саяси жүйені жіктеудің ең кең тараған түрі, оның саяси тәртібіне қарай тоталитарлық, авторитарлық және демократиялық деп бөлінуі.

Француз саясаттанушысы Ж.Блондель саяси жүйені басқарудың мазмұны мен түрлеріне сай оны 5 түрге бөледі:



либералдық демократия

коммунистік жүйе

дәстүрлі саяси жүйе

авторитарлық

авторитарлы-
консервативтік жүйе.



- Г.Алмонд саяси мәдениет деңгейі мен құндылықтар жүйесінің негізінде саяси жүйені: ағылшын-американдық, құрылықтық-еуропалық, жарым-жартылай индустрияланған, тоталитарлық деп жіктейді. Саяси жүйенің ағылшын-американдық түрі ондағы саяси мәдениеттің бірыңғайлылығымен, біртектілігімен сипатталады. Құрлықтық-еуропалық саяси жүйенің саяси мәдениеті, ұстанатын құндылықтары әр түрлі келеді. Жарым-жартылай индустрияланған саяси жүйеге аралас мәдениет тән. Тоталитарлық саяси жүйеде саяси мәдениеттің таптық сипаты бар.

- **Қоғамның саяси жүйесі** Елдің саяси қызметіне қатысып, саяси билікті жүзеге асыратын саяси институттардың, ұйымдардың, топтар мен жекелеген адамдардың жиынтығы.
- Бұл барлық органдары бар мемлекет; қызметтерінде айқын саяси бағыты бар партиялар мен қоғамдық ұйымдар, қатаң саяси реңкі болмаса да, мемлекеттің саясатына маңызды әсер ете алатын, (кәсіподақ, кооперативтік, діни және т.б.) қоғамдық, ұйымдар, сондай-ақ өскелен ұрпақты тәрбиелеу мен білім беруді (мектеп, институт, театр) жүзеге асыратын барлық мекемелер.
- Кейбір саясаттанушылар қоғамның саяси жүйесіне заңға енгізілген идеялар, принциптер, идеологиялар моральды, сондай-ақ саяси мақсатты көздеген жекелеген адамдардың қызметін қосады.

Саяси жетекші; саяси көшбасшы (ағылш. *political leader*) - мемлекеттің, саяси партияның, қоғамдық ұйымның жетекшісі; саясат, мемлекеттік қызмет саласында ықпал етуге қабілетті тұлға.

Саяси режим, саяси тәртігі (`{lang-en|political regime}}`) Экономикалық және мемлекеттік билікті (демократия, тоталитаризм, авторитаризм және т.б.) жүзеге асыру тәсілдері мен құралдарынын жиынтығы.

Саяси қатер, саяси
тәуекелдік (ағылш. *political risk*) Әскери
әрекеттер, Ұлттық меншіктендіру, тәркілеу,
шектеу енгізу және эмбаргомен
байланысты кредиттік тәуекел.



● Саяси баспана (ағылш. *political asylum*)

Халықаралық құқықтың жалпы жұрт таныған нормаларының негізінде, Қазақстан Республикасының Конституциясына, Қазақстан Республикасының заңнамаларына және Ережесіне сәйкес, Қазақстанның шетелдік азаматтарға және азаматтығы жоқ адамдарға саяси баспана беруі. Азаматтық алған және немесе тұрып жатқан елде қоғамдық-саяси қызметі, нәсілі немесе ұлты, діни нанымдары үшін қудалаудан немесе қудалаудың құрбаны болудың шын қаупінен баспана іздеуші немесе қорғауды қажет ететін, сондай-ақ халықаралық құқықтың нормаларында көзделген адам құқықтары бұзылған жағдайда тұлғаларға және олардың отбасы мүшелеріне саяси баспана беріледі.



НАЗАР
АУДАРҒАНДАРЫҢЫЗҒА
РАХМЕТ!

